

**Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің қызметкерлері антының мәтінін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 2 желтоқсандағы N 978 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 158 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 29.12.2015 № 158 Жарлығымен.

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 29.08.2014 N 900 Жарлығымен.

Қазақстан Республикасының Президенті туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 33-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес  
**Қ А У Л Ы** **Е Т Е М І Н :**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 29.08.2014 N 900 Жарлығымен.

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің қызметкерлері антының мәтіні бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 29.08.2014 N 900 Жарлығымен.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 2 ж ы л ғ ы 2 ж е л т о қ с а н д а ғ ы

N 9 7 8 Ж а р л ы ғ ы м е н

б е к і т і л г е н

**Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі қызметкерлерінің анты**

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 29.08.2014 N 900 Жарлығымен.

Ескерту. Антқа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 29.08.2014 N 900 Жарлығымен.

Мен, Қазақстан Республикасының азаматы \_\_\_\_\_ (тегі, аты, әжесінің аты) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігіне қызметке кіре отырып:

Қазақстан Республикасының халқы мен Президентіне адал болуға;  
Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңнамасын қатаң сақтауға, өзімнің барлық іс-қимылымда заңдылық және әділдік қағидаттарын ұстануға; маған жүктелген міндеттерді жауапкершілікпен әрі кәсіби түрде орындауға, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің қызметкері жоғары атағын қастерлеуге; азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын, заңды мүдделерін қорғау және елдің экономикалық қауіпсіздігін нығайту үшін күшімді аямауға, қажет болса ө м і р і м д і қ и ю ғ а ;

мемлекеттік және қызметтік құпияны қатаң сақтауға салтанатты түрде ант е т е м і н .

Егер мен өзімнің осы антымды бұзсам, онда мен Қазақстан Республикасының заңдары бойынша қатаң жазаға тартылайын.

200\_ жылғы " \_\_\_ " \_\_\_\_\_  
(қолы)